Аудандық қоғамдық-саяси апталық газеті

# Арна Астрахан

Районная еженедельная общественно-политическая газета

20-27 ақпан/февраль 2026 №8 (64626)

Издается со 2 августа 1939 года

## Аудан әкімі Талғат ЕРСЕЙІТОВТЫҢ құттықтауы

Құрметті жерлестер! Сіздерді көктемнің шуақты мерекесі – 1 наурыз Алғыс айту күнімен құттықтаймын!

Алғыс айту күні ең алдымен елімізде тыныштық пен үндестік, өзара сенімділік пен барлық қазақстандықтарға деген құрметтің орнығуына негіз болған Президенттің бейбітшілік пен келісім саясатының салтанаты күні. Бұл мереке тағдыр тәлкегімен Қазақстан жеріне қоныс аударған түрлі этнос өкілдерінің құтты қонысына айналған қасиетті қазақ жері мен қонақжай халқына деген терең тағзымның белгісі болса керек.

Алғыс айту күні – халқымыздың кең пейілі мен дархан көңілін дәріптейтін, мейірім мен ризашылықтың, татулық пен бірліктің мерекесі. Бұл күн ел тарихындағы күрделі кезеңдерді еске алып, қиын-қыстау заманда бір-біріне қолдау көрсеткен ұлттар арасындағы достық пен сыйластықты айшықтайды.

Осы жылдар ішінде ауданымызда халықтар достығы мен ынтымағын бекемдеп, бейбітшілік пен келісімнің берік тұғырын қалыптастырып келеді. Бүгінде сан ұлт өкілдері бір шаңырақ астында тату өмір сүріп, Қазақстанның өсіп-өркендеуіне өз үлестерін қосуда. Тарихтың күрделі кезеңдерінде ауданға түрлі этнос өкілдері қоныс аударып, жергілікті халықтың кең пейілі мен қамқорлығының арқасында жаңа өмір бастады. Қазіргі олардың ұрпақтары ел игілігі үшін аянбай қызмет етуде.

Бірлігіміз бен берік ынтымағымыздың арқасында өңіріміз әрдайым өркендеп, ортақ мүдде жолында нық алға басуда. Мерекеде туған жердің дамуына елеулі үлес қосып жүрген барша аралдықтарға, түрлі сала өкілдеріне риясыз алғысымды білдіремін.

Қадірлі ағайын, бірлігімізді нығайтып, ортақ дәстүрлерміз бен құндылықтарымызды бағалай отырып, жарқын болашаққа бірге қадам басайық.

Баршаңызға мықты денсаулық, отбастарыңызға амандық, молшылық пен береке тілеймін! Ел бірлігі мәңгі жасай берсін!




### ДОРОГИЕ АСТРАХАНЦЫ!

Примите искренние поздравления с первым весенним праздником – Днем благодарности.

Этот день – символ глубокой признательности гостеприимному казахскому народу и священной казахской земле, которая стала домом для представителей различных этносов, переселенных в Казахстан в результате репрессий, оставивших место в истории. Также, это день взаимоуважения и солидарности всех граждан страны, уважения общей истории, взаимопомощи и поддержки. Это день, когда каждый человек принимает благодарность за сделанное добро, а также выражения благодарности за оказанную помощь и поддержку. Именно в этот день была создана Ассамблея народа Казахстана, целью которой является укрепление единства, солидарности, дружбы и патриотизма в стране. Сегодня этот праздник, который совпадает с днем создания Ассамблеи, оказывает влияние на укрепление межнационального согласия и солидарности.

Главное богатство и большое достижение Казахстана – это дружба и единство всех народов и этносов, проживающих в Казахстане. Выражаю вам благодарность за вклад в укрепление единства и благополучия в нашей независимой стране. Желаю крепкого здоровья, семейного счастья и успехов в труде!

**Мейрам ҚОЖАХМЕТ,**
**председатель районного маслихата.**

## МАҢЫЗДЫ САЯСИ НАУҚАН

***2026 жылғы 15 наурызда елімізде республикалық референдум өтеді. Бұл – мемлекетіміздің болашағына тікелей әсер ететін маңызды саяси науқан. Референдум – халықтың пікірін ашық білдіруіне мүмкіндік беретін, ел тағдырына қатысты шешімдерді бірлесе қабылдаудың айқын көрінісі.***




Соңғы жылдары елімізде ауқымды саяси реформалар жүзеге асырылып келеді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев бастамашы болған жаңғырту үдерістері қоғам өмірінің барлық саласын қамтыды. Бұл өзгерістердің басты мақсаты – әділетті, ашық әрі халық үніне құлақ асатын мемлекет қалыптастыру.

Қоғам үшін референдум – тек саяси науқан ғана емес, сонымен қатар азаматтық сананың, құқықтық мәдениеттің деңгейін көрсететін индикатор. Халықтың саяси үдерістерге қатысуы елдегі қоғамдық келісім мен тұрақтылықтың маңызды факторы саналады. Азаматтардың ақпараттандырылуы, құқықтық сауаттылығы және қоғамдық белсенділігі – демократиялық қоғамның негізгі белгілерінің бірі.

Алдағы референдум – осы жүйелі реформалардың жалғасы. Бұл – әрбір азаматтың өз таңдауын жасап, елдің стратегиялық бағытын айқындауға қатысуына берілген мүмкіндік.

Астрахан аудандық филиалы «Amanat» партиясы аудан тұрғындарымен тұрақты түрде кездесулер өткізіп, референдумның маңызын түсіндіру бағытында ақпараттық жұмыстар жүргізуде. Партияның басты ұстанымы – халықтың әл-ауқатын арттыру, әлеуметтік әділеттілік пен тұрақтылықты нығайту, өңірлердің дамуына нақты үлес қосу.

Біз үшін ең бастысы – ел бірлігі мен қоғамдық келісім. Қазақстанның табысты дамуы әр азаматтың белсенділігіне, жауапкершілігіне байланысты. Референдумға қатысу – бұл тек саяси шараға қатысу емес, бұл – ел болашағына деген бейжай қарамаудың белгісі.

Біз әрдайым заңдылықты, ашықтықты және халық мүддесін басшылыққа аламыз. Алдағы референдум – еліміздің демократиялық дамуының маңызды кезеңі. Осы тарихи сәтте әрқайсымыз саналы шешім қабылдап, мемлекетіміздің тұрақты әрі өркенді дамуына үлес қосамыз деп сенемін.

Қорыта айтқанда, 15 наурызда өтетін республикалық референдум – мемлекетіміздің құқықтық жүйесі мен демократиялық қағидаттарының жұмыс істеуінің айқын көрінісі. Ол қоғам мен мемлекет арасындағы өзара байланыс пен жауапкершіліктің нақты тетігі ретінде тарихи мәнге ие оқиға болып табылады.

**Құралбек СҮЛЕЙМЕНОВ,**
**«Amanat» партиясы Астрахан аудандық филиалының атқарушы хатшысы.**

## РЕСПУБЛИКАЛЫҚ РЕФЕРЕНДУМҒА ҚАТЫСУ ҚҰҚЫҒЫ БАР АЗАМАТТАР ТІЗІМІНЕ ЕНГІЗІЛУІН ТЕКСЕРУ ТУРАЛЫ

2026 жылғы 15 наурызға тағайындалған республикалық референдумда дауыс беру күніне 18 жасқа толған Қазақстан Республикасы азаматының қатысуға құқығы бар.

Тізімдерді әкімдіктер нақты дауыс беру учаскесінің аумағындағы тұрғылықты мекенжайыңыз бойынша Сіздің тұрақты тіркелуіңіздің негізінде жасайды. Егер тұрақты тіркелуіңіз болмаса, Сіз референдум тағайындалған сәттен бастап, тиісті жергілікті атқарушы органда дауыс беруші ретінде тіркеле аласыз. Дауыс беру учаскелері тиісті әкімдердің шешімдерімен құрылады және олардың шекаралары бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады.

2026 жылғы 27 ақпаннан бастап Сізге өз учаскеңізде республикалық референдумға қатысуға құқылы азаматтардың тізімінен өзіңіз туралы деректерді тексеру мүмкіндігі берілетін болады.

Әрқайсымыздың дауысымыз маңызды!

**Қазақстан Республикасының**
**Орталық референдум комиссиясы.**




## О ПРОВЕРКЕ ВКЛЮЧЕНИЯ В СПИСОК ГРАЖДАН, ИМЕЮЩИХ ПРАВО УЧАСТВОВАТЬ В РЕСПУБЛИКАНСКОМ РЕФЕРЕНДУМЕ

Гражданин Республики Казахстан, достигший на день голосования 18-летнего возраста, имеет право участвовать в республиканском референдуме, назначенном на 15 марта 2026 года.

Списки составляются акиматами на основании Вашей постоянной регистрации по месту жительства на территории конкретного участка для голосования. При отсутствии постоянной регистрации Вы вправе зарегистрироваться в качестве голосующего в соответствующем местном исполнительном органе с момента назначения референдума. Участки для голосования создаются решениями соответствующих акимов и их границы публикуются в средствах массовой информации.

С 27 февраля 2026 года на своём участке Вам будет предоставлена возможность проверить данные о себе в списке граждан, имеющих право участвовать в республиканском референдуме.

Важен голос каждого из нас!

**Центральная комиссия**
**референдума Республики Казахстан.**

## ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУЛАР

**«Aina Resources» ЖШС Түзету. Ақмола облысы Астрахан ауданы Ақбеит кен орнының жерасты тәсілімен алтын-кварц кендерін өндіруге арналған тау-кен жұмыстарының жоспарына атмосфераға ластаушы заттардың жол берілетін шығарындылары нормативтерінің жобасы, жол берілетін төгінділердің нормативтері, қалдықтарды басқару жөніндегі бағдарлама, өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасының жобасы және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспарының жобалары бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды.**

Қоғамдық тыңдаулар 2026 жылғы 06 сәуірде сағат 15:00-де Ақмола облысы, Астрахан ауданы, Жалтыр а.о., Ақбейіт а., мектеп ғимараты мекенжайы бойынша өтеді.

Сондай-ақ, қоғамдық тыңдаулар Zoom платформасында онлайн режимінде өткізіледі.

Қатысу үшін келесі сілтемеге кешуді сұраймыз:

https://us06web.zoom.us/j/84961775214?pwd=Jc2UrpX1HOnuCi9FXgzcyeUsSLWiZs.1

Конференция идентификаторы: 849 6177 5214

Кіру коды: 061644

Бастамашы: «Aina Resources» ЖШС, Ақмола облысы, Астрахан ауданы, Жалтыр а.о., Ақбейіт а., Киров к-сі, 10-құрылыс. БСН 150240015877.

Жоба әзірлеушісі: «BaiMura» ЖШС өз қызметін ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрлігі, Астана қ. берген 25.01.2024 ж. № 02736Р қоршаған ортаны қорғау саласындағы жұмыстарды орындауға және қызметтер көрсетуге арналған мемлекеттік лицензияға сәйкес жүзеге асырады. БСН 940540002772, Ақмола облысы, Көкшетау қаласы, Абай көшесі, 114в. Электрондық пошта мекенжайы және телефон нөмірі: kazecoproect2012@mail.ru, 87025897219.

Қоғамдық тыңдау материалдарымен https://ndbecology.gov.kz сайтта танысуға болады, сондай-ақ ММ ресми интернет-ресурсында – https://www.gov.kz/memleket/entities/aqmola-upr?lang=kk

Ескертулер мен ұсыныстарды «Ақмола облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ мына мекенжайлар бойынша қабылдайды: upr.expertiza@mail.ru, Көкшетау қаласы, Абай көшесі, 89.

## ОБЩЕСТВЕННЫЕ СЛУШАНИЯ

**ТОО «Aina Resources» объявляет о проведении общественных слушаний по проектам Проект нормативов допустимых выбросов загрязняющих веществ в атмосферу, нормативы допустимых сбросов, программы по управлению отходами, проекта программы производственного экологического контроля и плана мероприятий по охране окружающей среды к плану горных работ на добычу золото-кварцевых руд месторождения Акбеит подземным способом, Астраханского района Акмолинской области. Корректировка.**

Общественные слушания состоятся 06 апреля 2026 года в 15:00 ч. По адресу: Акмолинская область, Астраханский район, Жалтырский с.о, с. Акбеит, здание школы.

Также, общественные слушания будут проведены в режиме онлайн на платформе Zoom.

Для участия в слушаниях необходимо пройти по ссылке: https://us06web.zoom.us/j/84961775214?pwd=Jc2UrpX1HOnuCi9FXgzcyeUsSLWiZs.1

Идентификатор конференции: 849 6177 5214

Код доступа: 061644

Заказчик: ТОО «Aina Resources», Акмолинская область, Астраханский район, Жалтырский с.о., с. Акбеит, ул. Кирова, строение 10. БИН 150240015877.

Разработчик проекта: ТОО «BaiMura», осуществляет свою деятельность в соответствии с Государственной лицензией на выполнение работ и оказание услуг в области охраны окружающей среды № 02736Р от 25.01.2024 г., выданная Министерством охраны окружающей среды РК, г. Астана. БИН 940540002772, Акмолинская область, г.Кокшетау, ул.Абая, 114В.

Адрес электронной почты и номер телефона: kazecoproect2012@mail.ru, 87025897219.

С материалами общественных слушаний можно ознакомиться на сайте https://ndbecology.gov.kz, а также на официальном-интернет ресурсе МИО - https://www.gov.kz/memleket/entities/aqmola-upr?lang=ru

Замечания и предложения принимает ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Акмолинской области» по адресам: upr.expertiza@mail.ru и г. Кокшетау, ул.Абая,89.

## ПОЗДРАВЛЯЕМ ЮБИЛЯРОВ И ИМЕНИННИКОВ!



От всей души сердечно поздравляем:

С 87-летием поздравляем **Кузьменко Екатерину Алексеевну** из села Ягодное.

83 жылдығымен Жалтыр ауылының тұрғыны **Иманқұлова Кенжетай Бейісқызын** шын жүректен құттықтаймыз.

72 жылдығымен Жамбыл ауылының тұрғыны, бастауш ардагерлер ұйымының төрағасы **Отарбаев Рахметолла Манапұлын** шын жүректен құттықтаймыз.

70 жылдық мерейтойымен Астрахан ауылының тұрғыны **Мұрзабаева Зейінжамал Мұқашқызын,** Жалтыр ауылының тұрғыны Ноғайбекова Жібек Сейтімқызын шын жүректен құттықтаймыз .

С 70-летним юбилеем поздравляем **Щербинину Татьяну Васильевну, Забудько Виктора Михайловича, Зайцеву Наталью Михайловну** из села Астраханка, **Охотникова Павла Семеновича** из села Зеленое.

65 жылдық мерейтойымен Колутон ауылының тұрғыны **Бейсенова Алтын Дауылбайқызын**, Колутон ауылының тұрғыны **Абильдинов Сапарбайды**, Каменка ауылының тұрғыны **Ахметов Мансұрды** шын жүректен құттықтаймыз.

С 65-летним юбилеем поздравляем **Сараеву Ольгу Валентиновну, Миняева Владимира Владимировича** из села Астраханка, **Чибисова Григория Григорьевича** из села Жанатурмыс, **Деркачева Виктора Петровича** из села Зеленое.

С 58 летием поздравляем **Азарова Сергея Николаевича** из села Таволжанка, участник интернационального долга Д.Р.А.

С 57 летием поздравляем **Привалова Евгения Ивановича** из села Жалтыр, участник интернационального долга Д.Р.А.

***Желаем вам крепкого здоровья, добра, тепла, любви***
***и заботы родных и близких, уюта и благополучия в ваших домах!***

**Районный совет ветеранов.**

**Поздравляю с днем рождения ветерана ОВД Больгерта Александра Георгиевича!**



День рождения особая дата
Этот праздник ни с чем не сравнить,
Кто-то мудрый придумал когда-то
Имениннику радость дарить,
Радость встречи, веселья, улыбок,
Пожеланья здоровья и сил
Чтобы счастье безоблачным было,
Чтоб успех каждый день приходил!
Долгих лет жизни и хорошего настроения!



**Жанат Шахупов, председатель Совета ветеранов ОВД Астраханского района.**

## ҚҰРМЕТТІ АСТРАХАН АУДАНЫНЫҢ ТҰРҒЫНДАРЫ!

Астрахан ауданы әкімдігі жанындағы «Жастар» дене шынықтыру-сауықтыру кешені» МКҚК 2026 жылғы 02 наурыздан бастап ақылы қызмет көрсету бағаларының өзгеретіні туралы хабарлайды.

## УВАЖАЕМЫЕ ЖИТЕЛИ АСТРАХАНСКОГО РАЙОНА!

ГККП «Физкультурно-оздоровительный комплекс «Жастар» при акимате Астраханского района сообщает, что со 02 марта 2026 года изменяются цены на оказание платных услуг.

| | Ересек билеті 1 сағат | Балалар билеті 1 сағат | | Взрослый билет 1 час | Детский билет 1 час |
|---|---|---|---|---|---|
| Бассейн | 1000 | 500 | Бассейн | 1000 | 500 |
| Спорт залы | 500 | 350 | Спортзал | 500 | 350 |
| Үстел теннисі | 400 | 300 | Настольный теннис | 400 | 300 |
| Жаттығу залы | 400 | 300 | Тренажерный зал | 400 | 300 |

ЖАҒЫМДЫ ЖАҢАЛЫҚ

## АУДАНЫМЫЗДЫҢ КОМАНДАСЫ КҮМІС ЖҮЛДЕГЕР АТАНДЫ

**Ағымдағы жылдың ақпан айында Зеленый бор ауылында Ақмола облыстық футзалдан ашық чемпионаты жоғары деңгейде өтті. Бұл спорттық шараға облыстың әртүрлі қалалары мен аудандарынан 19 команда қатысып, мықтылығы мен шеберлігін дәлелдеуге тырысты.**

Жарыс өте тартысты өтті. Қатысушылардың жоғары шеберлігі мен табанды күресі көрермендерді тәнті етті.

Чемпионаттың қорытындысы бойынша жүлделі орындар келесідей анықталды: Алтын жүлде - Зеренді ауданы, күміс жүлде - Астрахан ауданы, - қола жүлде - Көкшетау қаласы.

Астрахан ауданының спортшылары айналып келгенде 2-орынды иеленіп, аудан намысын абыроймен қорғады. Бұл жетістік – жаттықтырушылардың еңбегі мен ойыншылардың табандылығының нәтижесі.

Сонымен қатар, жарыстың жекелей марапаттауларында Астрахан ауданының спортшысы Фархат Капият «Үздік қақпашы» атағына ие болды. Бұл - Фархаттың шеберлігі мен команда үшін атқарған маңызды рөлін көрсетеді.

Аудан намысын қорғаған барлық спортшыларды осы жоғары жетістіктерімен шын жүректен құттықтаймыз! Сіздердің көрсеткен нәтижелеріңіз – баршамыз үшін мақтаныш. Жеңісті күндеріңіз көп болсын! Алдағы жарыстарда да табыс тілейміз!

**А. СМАГУЛОВ,**
**Астрахан ауданының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің бас маманы.**



Газет «Астрахан аудандық «Маяк» газеті» ЖШС-де теріліп, беттелген, «Медиа-холдинг» ЖШС-де басылып шығарылған, 010000 Қазақстан, Астана қаласы, Силети, 30. ЖШС-нің тіркеу куәлігі 5485-1902. 2026 жылдың 6 қаңтарында ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің «ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті» РММ тіркелген. Тіркеу куәлік №KZ71VPY00138334. Таралымы 1000. Индекс 66811.

Собственник: ТОО «Астраханская районная газета «Маяк»

Издается при поддержке акима района, районного маслихата

Директор-редактор Арман Жапаров
8 705 383 37 39
2-21-73

Корреспондент
Бухгалтерия
Прием рекламы
2-36-93

Газета набрана и сверстана в ТОО «Астраханская районная газета «Маяк», отпечатана в ТОО «Медиа-холдинг» 010000, Казахстан, г. Астана, ул. Силети, 30. Регистрационное свидетельство 5485-1902-ТОО.
Зарегистрирована в РГУ «Комитет информации Министерства культуры и информации РК» Министерства культуры и информации РК от 6.01.2026 г. Регистрационное свидетельство №KZ71VPY00138334. Тираж 1000. Индекс 66811.

Рукописи не рецензируются и не возвращаются.
Ответственность за достоверность фактов несут авторы, за содержание рекламы - рекламодатели.
Точка зрения авторов и мнение редакции могут не совпадать

НАШ АДРЕС
020300
с. Астраханка,
ул. Аль-Фараби, 71

Электронная почта
astrmayak@mail.ru

Сайт
arna.skom.kz